



Егемен Қазақстан

Тастағы таңба тозбасын

Ресейдің Кемерово қаласында Кузбастың «Том жазбалары» мұражай-қорығының және Кемерово мемлекеттік университетінің базасында Том жазбаларының ғылыми ашылуының 300 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция өтті.

Конференцияда Ресей, Қырғызстан, Қазақстан, Әзербайжан ғалымдарының баяндамалары тыңдалды. Ғылыми конференцияға Қазақстаннан Суретшілер одағының мүшесі, суретші-қалпына келтіруші, «Қырым аралы» ғылыми-зерттеу зертханасының басшысы Қырым Алтынбеков қатысып, «Таңбалы петроглифтерін консервациялау стратегиясы мен тактикасы» тақырыбында ғылыми баяндама жасады.

«Қырым аралы» – Қазақстанда тәуелсіздік жылдары құрылып, табысты жұмыс істеп келе жатқан тарих және мәдениет ескерткіштерін консервациялау, қалпына келтіру, кешенді қайта құру жөніндегі жұмыстардың толық циклындағы ғылыми-қалпына келтіру зертханасы. Аталған зертхана «Таңбалы» қорық-музейі құрылғанға дейін де «Таңбалы» кешеніндегі жартас суреттерін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп келді. Қорық-музей ашылған соң да іскерлік байланыс жалғасын тауып, нәтижелі жұмыстар жүзеге асырылды.

Зертхана тарапынан 2000 жылдардың басында консервациялау стратегиясына қажетті материалдар жинақталды. Таңбалы петроглифтерін консервациялау стратегиясын Қазақстан мамандары осы ғасырдың басына дейін болған отандық және шетелдік оң тәжірибелер негізінде және ескерткіштің Дүниежүзілік мұра тізіміне (2002-2004 жж.) номинациялар досьесі мен менеджмент-жоспарын дайындау барысында Норвегия, Ресей, Қырғызстан және Өзбекстандағы шетелдік әріптестерімен тығыз ынтымақтастықта, сондай-ақ ЮНЕСКО шеңберінде – «Таңбалы петроглифтерін басқару, консервациялау және таныстыру» Норвегия – Қазақстан жобасы (2002-2005 жж.) мен ЮНЕСКО-ның CARAD-Central өңірлік ғылыми жобасы Asian rock art database (2003-2006 жж.) бойынша жүргізді.

2008-2013 жылдары зертхана қызметкерлері жартастағы өнер ескерткіштерін сақтау және насихаттау бағытындағы жоспарлы жұмыстарға қатысып, петроглифтерді тәжірибелік тұрғыдан консервациялауды – олардың табиғи немесе антропогендік сипаттағы зақымдануларын жоюды қолға алды.

«Қырым аралы» зертханасы қолданатын сақтау тактикасының ерекшелігі – ескерткішке барар алдында алдағы жұмыстарды мұқият жоспарлау және жоғары деңгейлі дайындық. Белгіленген жұмыстардың құрамына байланысты ескерткіштегі іс-қимыл жоспары әрбір нақты жағдай үшін әзірленуі. Дайындық жұмыстарының мақсаты – зертханалық жағдайларда практикалық консервациялауға байланысты негізгі мәселелерді шешу: консервациялаудың белгіленген учаскелерін зерделеу; консервациялауды

жоспарлау; жұмыс құжаттамасын дайындау; технологиялық процестерді пысықтау; жұмыс құрамдарын сынамау; «жұмыс кейстері» – пластикалық шелектер бойынша барлық құрамдар мен құралдарды өлшеп орауға дейінгі материалдарды дайындау. Ұйымдастырудың осы әдісімен әр қалпына келтіруші маман орнында тұрып, консервациялау объектісіне сенімді түрде жақындап, іске дайын бола отырып, дереу жоспарланған жұмысқа кіріседі. Байқап отырғанымыздай, ғасырдан-ғасырға жол тартқан көне дүниелеріміздің сақталу процесі өте күрделі.

Таңбалыдағы көпжылдық кешенді зерттеулер петроглифтердің жай-күйіне әсер ететін негізгі факторларды және олардың табиғи, сондай-ақ антропогендік сипаттағы зақымдануларының неғұрлым кең таралған түрлерін анықтауға мүмкіндік берді. Ең үлкен қауіп – бұл табиғи факторлар, олар үңгірлердің графикасымен беттердің ыдырауына, қыртыстың бөлінуіне және жарықтардың пайда болуына әкеледі. Петроглифтердің антропогендік зақымдануларының ішінде ең көп тарағандары – граффити жазулары мен суреттері – таспен, металл аспаптармен әртүрлі тереңдікте сызылған немесе ойылған, сондай-ақ жартастарға түрлі бояулармен салынғандығы.

Ескерткіштің негізгі құжаттамасы болып табылатын петроглифтердің бес негізгі тобының индекстелген фотопанорамаларының негізінде заманауи граффитилерді тіркейтін AD-панорамалар (anthropogenicdamagespanorama) жасалды. Бейнелеу бетінің жай-күйін сипаттайтын базалық құжаттамадан айырмашылығы, AD-панорамалар және оларға қоса берілетін сипаттамалар барлық антропогендік, оның ішінде петроглифтерсіз жартастардың беттеріндегі зақымдануларды да ескереді. Таңбалыда түрлі жолдармен зақымдалған 130-дан астам жартас беттері тіркелген. Осындай зақымдануларды жоюдың (бүркемелеудің) мынадай әдістерін қолданып отыр: жасанды патинациялау және жасанды тас массасымен шығынның орнын толтыру. Егер қалпына келтірілген патина көрші бүлінбеген патинаға толық сәйкес келсе, айырмашылығы көрінбейді.

Жасанды патинациялау – бұл химиялық жолмен патинаның жедел қалыптасуы. Процесс табиғи патинаның түсіне байланысты хромофор элементтерінің (темір, марганец, хром) тотықсызданған қабықтарын тас бетіне тұндырудан тұрады. Патинацияның табиғи процесі, дұрыс таңдалған материалдар мен қолдану режимдерімен тастың жалпы фонына сәйкес келетін жабынды алуға мүмкіндік береді.

Жасанды патина палитрасын Э.Н.Агеева 2005 жылы Таңбалыда өткен консерваторларға арналған далалық семинар аясында жасаған, бірақ бұл жаттығу кезінде өзектісі демонстрациялық палитра болды. Ескерткіште палитрасы бар тас қалды, бұл үш жылдан кейін, патинаның қалыптасу процесі толығымен өткен кезде тексерілді. Жасанды патинация үшін қолданылатын ерітінділер көбірек сұйылтылуы керек екенін де анықтады.

Таңбалыдағы «Қырым аралы» ғылыми-реставрациялау зертханасының жұмысы Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік

бағдарламасы аясында жүргізіліп келеді. Зертхана мамандары түсті градациялау үшін хромофорлардың өте сұйылтылған ерітінділерімен жұмыс істеу керек деген қорытындыға келді. Түпнұсқаға жақын түсті бірден алу ұсынылмайды: бұл болашақта түстердің сәйкес келмеуіне әкеледі. Әрине, жасанды патинаны қышқылы бар ерітінділермен әлсірету әдістері де бар, бірақ бұл әдіспен тасты қайта жарақаттаудан аулақ болған абзал. Силикат байланыстырғышы бар құмтас қышқылға ауыртпалықсыз әсер етеді, ал карбонатты жыныстар беткі қабаттың қосымша әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Жасанды патинаны алғаш қолданғаннан кейін кем дегенде бір ай экспозиция беріледі, содан кейін қажет болған жағдайда процесс қайталанады. Бір жылдан кейін біз түпкілікті нәтижені көреміз – қажет болған жағдайда түс қайтадан түзетіледі. Осылайша, біртіндеп, тасқа зиян келтірмеуді ескере отырып, қажетті нәтижеге жақындаймыз. Жасанды патинация терең жазылған жазуларға қажетті маска әсерін бермейтініне көз жеткізіп отыр.

Ең күрделі жоғары көркемдік процесс – ежелгі петроглифтер мүлдем көрінбейтін немесе бұрмаланбайтын бейнелеу беттерін кесіп өтетін жазуларды жою. Граффитиді бүркемелеу көршілес бүлінбеген учаскелерге толық түсте және фактуралық сәйкестікте жүргізілуі тиіс. Ол ежелгі кескіннің контуры бүлінгенге дейін түсірілген фотосуреттермен анықталады. Қажетті деректі материалдар болмаған жағдайда, гравюралардың контуры немесе тарихи эпиграфиканың жеке белгілері белгілі синхронды аналогтарға сүйене отырып және мамандар – археологтер мен тарихшылардың ұсыныстарына сәйкес қалпына келтірілуі мүмкін. Осыған байланысты зақымдалған визуалды бетті құжаттаудың жаңа түрі жасалды, бұл іс жүзінде жұмыс сақтау жобасы болып табылады. Оны құру процесі қазіргі заманғы ауыр соққылардың әр нүктесін зерттеу мен өңдеуді және көп уақытты қажет етеді. Өткен жылдар ішінде осындай 25 жоба дайындалды, оларды тарих ғылымының кандидаты А.Е.Рогожинский атқарды.

Айта кету керек, жұмыстар тек зақымдарға байланысты жүргізіледі. Түпнұсқалық растама қайтымды қосылыстарды қолдану арқылы сақталады. Қолданылған композициялардың қайтымдылығы іс жүзінде оны қолданғаннан кейін 6 жыл өткен соң сынған жазулардың енгізілуін алып тастағанда анықталады.

Қабыршықтанған жартас беттерін бекітуде, Мәскеу мамандарының тәжірибелері де пайдаланылды. Осылайша, «Қырым аралы» ғылыми-қалпына келтіру зертханасының негізінде Орталық Азиядағы петроглифтердің консерваторлары мен қалпына келтірушілерінің ең үлкен ұжымы құрылды. Олардың арасында альпинистік арқандарда жоғары көркемдік жұмыстарды орындайтын қалпына келтіруші суретшілер де бар.

«Қырым аралы» ғылыми зертханасының тәжірибесіне тоқтала келе, петроглифтерді консервациялау процесінің басты ерекшелігі – біртіндеп консервациялау шараларын дәйекті түрде кезең-кезеңімен жүзеге асыру қажет екендігі анықталды. «Таңбалы» Дүниежүзілік мұра объектісінің

бастапқы түрін қалпына келтіру жұмыстары әлі де толықтыруларды талап етеді. Дегенмен антропогендік зақымдардың жартысынан көбі бүркемеленген.

Бүгінгі айтар ойға арқау болған жоспарлы жұмыстарды жүзеге асыру бағытында зертхана мамандары «Таңбалы» қорық-музейінің ұжымымен тығыз байланыста еңбек етуде. Өткен жылы ғана пайдалануға берілген «Таңбалы» сапар орталығы ғимаратындағы заманауи үлгіде жабдықталған лабораториялық бөлме болашақта «Қырым аралы» зертханасымен бірлесіп жұмыс жүргізетін ғылыми ордаға айналары сөзсіз.

Мадияр Әмірғалиев,

«Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің директоры